

**«Тұрмыстық жемқорлық» тақырыбына «Saryarqa aqparat» ЖШС  
қызметкерлерімен өткен семинардың хаттамасы**

Өткізу орны: Қарағанды қаласы, Ермаков көшесі, 33

Өткізу уақыты: 2023 жылы 27 қыркүйек

Қатысқандар: ЖШС қызметкерлері – 16 адам.

**Күн тәртібі:**

**«Тұрмыстық жемқорлық» тақырыбына «Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлеріне түсіндіру әңгімесі.**

Бірінші сұрақ бойынша квазимемсекторда жетқорлықтың алдын алу мақсатында «Saryarqa aqparat» ЖШС комплаенс-офицеры К.М. Аскарова онлайн түрде тұрмыстық жетқорлық түсінігімен қатысқандарды таныстырды. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың бір түрі, жиынтығы, ол осы құқық бұзушылықтың белгілеріне ие болуы керек. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың негізгі белгілерінің бірі – олардың субъектісінде. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1-бабының б) тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Алдағы 5 жылға жетқорлыққа қарсы саясаттың концепциясын жүзеге асыру аясында квазимемсектор субъектілерінің ашық қызметін орнатуға және компания жұмыскерлерінің жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыруға қатысты біршама бастамаларды енгізу қарастырылған.

Соңында комплаенс-офицер қатысушыларды жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға шақырды.

**«Saryarqa aqparat» ЖШС  
директоры**

**Комплаенс-офицер**



**К.Абилдинов**

**А. Аскарова**